



Karachaganak

Құжат иесі: **Қоршаған ортаны қорғау басқарушысы**

Құжат атауы: **КПО-ның Энергетикалық саясаты және жасыл ережелері**

Құжат №: **КРО-AL-EGM-PHL-00001- K**

Бұл электрондық көшірме КПО интранет порталынан көрсетілгеннен кейін ресми құжат болып есептеледі.

| | | | | | |
|-------------|---------------------------------|-------------|---|------------------------------------|-----------------|
| A5 | Қолдану үшін басылып шығарылған | 08/10/2021 | Энергия тиімділігі және экологиялық бағалау бөлімінің басшысы | Қоршаған ортаны қорғау басқарушысы | Бас директор |
| Бас. | Мақсаты | Күні | Орындаушы | Жауапты | Бекіткен |

Басылымдарды тіркеу

| | Мақсаты | Өзгертулер | Күні | Орындаушы | Жауапты | Мақұлдаушы |
|----|---------------------------------|--|------------|---|--|--------------|
| A1 | Қолдану үшін басылып шығарылған | n/a | 22/12/2014 | Энергоменеджмент жүйесі бөлімінің бастығы | Қоршаған ортаны қорғау және басқару жүйелері жөніндегі басқарушы | Бас директор |
| A2 | Қолдану үшін басылып шығарылған | Құжат басшы лауазымдардың өзгеруіне байланысты қайта шығарылды | 04/06/2015 | Энергоменеджмент жүйесі бөлімінің бастығы | Қоршаған ортаны қорғау және басқару жүйелері жөніндегі басқарушы | Бас директор |
| A3 | Қолдану үшін басылып шығарылған | Құжат басшы лауазымдардың өзгеруіне байланысты қайта шығарылды | 09/05/2018 | Энергоменеджмент жүйесі бөлімінің бастығы | Қоршаған ортаны қорғау және басқару жүйелері жөніндегі басқарушы | Бас директор |
| A4 | Қолдану үшін басылып шығарылған | Құжатқа КПО-ның жасыл ережелері енгізілді | 12/12/2020 | Энергия тиімділігі және экологиялық бағалау бөлімінің басшысы | Қоршаған ортаны қорғау басқарушысы | Бас директор |
| A5 | Қолдану үшін басылып шығарылған | Құжат басшы лауазымдардың өзгеруіне байланысты қайта шығарылды | 08/10/2021 | Энергоменеджмент жүйесі бөлімінің бастығы | Қоршаған ортаны қорғау және басқару жүйелері жөніндегі басқарушы | Бас директор |

Құжатты растау

RACIE бойынша жазба

| | |
|---|--|
| R - Орындаушы | Аты-жөні: Дамеш Бекталиева Лауазымы: Энергия тиімділігі және экологиялық бағалау бөлімінің басшысы Қолы: Күні: |
| A - Жауапты | Аты-жөні: Руслан Муканғалиев Лауазымы: Қоршаған ортаны қорғау басқарушысы Қолы: Күні: |
| E - Мақұлдаушы | Аты-жөні: Джанкарло Рую Лауазымы: Бас директор Қолы: Күні: |
| Құжат иесі (егер бекітіушіден басқа болса) | Аты-жөні: Руслан Муканғалиев Лауазымы: Қоршаған ортаны қорғау басқарушысы Қолы: Күні: |
| C - Кеңесші | Д. Рую – Бас Директор А. Лоумасс - Өндіріс директоры К. Кудайбергенов – Бас директордың орынбасары Р. Дийкейма - ЕҚ, ҚТ және ӨТ жөніндегі басқарушы Р. Муканғалиев – Қоршаған ортаны қорғау басқарушысы Е. Ахметов/ И. Бахтиярова – ҚОҚ саласындағы басқару жүйелерін бақылау бөлімінің бастығы |
| I - Хабарландырылатын | Барлық КПО қызметкерлері |

- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелеріне қатысты құжат
- Нормативтік-құқықтық сәйкестіктер аспектілерін қамтитын құжат

Қысқаша сипаттамасы

Бұл саясат ISO 50001 энергия менеджменті жүйесінің стандарттарының талаптарына сәйкес, энергия тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған мақсаттар мен міндеттерді айқындау және талдау кезінде басшылық қағидаттар ретінде қолдану үшін әзірленді.

КПО өндірістік қызметің атқару барысында, қоршаған ортаны қорғау мәселесіне үлкен көңіл бөледі. Осы тұста, Компания, экологиялық және энергия тиімділігі бойынша үздік көрсеткіштер көрсеткен болатын. Сонымен бірге, әлемде, жеке тұрғыдан қоршаған ортаға зиян келтірмеу, оған қамқорлық таныту және ресурстарды саналы тұтыну тенденциясы байқалады. Қазақстанда экологиялық өмір салты мен ойлау жүйесін қалыптастыруға және жасыл технологияларды насихаттауға бағытталған «Жасыл кеңсе» атты республикалық байқауы жыл сайын өткізіледі. Өз өміріндегі экологиялық тазалық туралы ойлаған қызметкер компания ресурстарына да ұқыпты қарап, жасыл технологиялар мен тәжірибелерді енгізуге адал болады деп болжанады.

КПО бұл бастаманы қолдайды, және өз кезегінде қолданыстағы экологиялық және энергетикалық менеджмент жүйесінің процедуралараның тиімділігін арттыру мақсатында және «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасын КПО-да еңгізу үшін «Жасыл ережелерді» әзірледі.

КПО-ның «Жасыл ережелері» экологиялық хабардарлықты арттыруға, қызметкерлерді өзгерістерге шақыруға және Компания қызметінің қоршаған ортаға жеке әсері мен ықпалын төмендетуге бағытталған шараларды қабылдауға ынталандыруға арналған.

Мазмұны

| | |
|---|-----------|
| ҚҰЖАТТЫ РАСТАУ | 3 |
| ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ | 4 |
| 1. МАҚСАТЫ | 6 |
| 2. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ | 6 |
| 3. РӨЛДЕР МЕН МІНДЕТТЕР | 6 |
| 4. КПО-НЫҢ ЭНЕРГЕТИҚАЛЫҚ САЯСАТЫ | 7 |
| 5. КПО ЖАСЫЛ ЕРЕЖЕЛЕРІ | 8 |
| 5.1 «Жасыл» мәдениет нені білдіреді? | 8 |
| 5.2 Неліктен «жасыл» көзқарас соншалықты маңызды? | 8 |
| 5.3 КПО-ның «Жасыл ережелері» | 8 |
| 6 ҚОСЫМШАЛАР | 10 |
| 6.1 Қосымша 1 КПО Энергетикалық саясаты | 10 |
| 6.2 Қосымша 2 КПО Жасыл Ережелері | 11 |
| 6.3 Қосымша 3 PEST-талдауы | 14 |

1. МАҚСАТЫ

Энергетикалық саясаттың мақсаты энергия тиімділігі саласындағы мақсаттар мен міндеттерді айқындау және талдау үшін басшылық қағидаттарды қамтамасыз ету болып табылады. КПО энергетикалық саясаты кен орнын дамытудың ұзақ мерзімді жоспарының ажырамас бөлігі және Компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге ықпал етеді.

«Жасыл ережелер» энергия тиімділігі және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы саясаттар мен процедураларды неғұрлым тиімді қолдануды қамтамасыз ету үшін әзірленді және КПО мен мердігер ұйымдардың әр қызметкері қоршаған ортаны жақсартуға қандай үлес қоса алатыны туралы нақты және қарапайым нұсқаулар береді.

2. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Энергетикалық саясатты қолдану саласы энергияны тұтынуға әсер ететін және компания ішінде, сондай-ақ оның мердігер ұйымдары мен келушілерінің негізгі қызметі шеңберінде компанияның мүддесі үшін немесе атынан жүзеге асырылатын компанияның барлық негізгі және қосалқы процестері болып табылады.

КПО энергетикалық саясаты компанияның негізгі және қосалқы процестері шеңберінде, сондай-ақ компанияның мүддесі үшін немесе атынан компания тұтынатын энергетикалық ресурстардың барлық түрлерін қамтиды.

Энергетикалық менеджмент жүйесінің шекаралары КПО-ның барлық құрылымдық бөлімшелерін қоса алғанда, олардың географиялық орналасуы мен тиесілігіне қарамастан, иесі және операторы КПО болып табылатын барлық активтерге қолданылады.

3. РӨЛДЕР МЕН МІНДЕТТЕР

Энергетикалық саясаттың талаптары КПО-ның барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ атқаратын лауазымына, жауапкершілік саласына және олардың КПО энергетикалық сипаттамаларына әсер ету дәрежесіне қарамастан, мердігерлік ұйымдар мен келушілерді қоса алғанда, КПО мүддесінде немесе атынан жұмыс істейтін барлық тұлғаларға қатысты қолданылады.

Егер әрбір қызметкер қажетті қолдау көрсетіп, осы саясаттың талаптарын сақтайтын болса, энергия ресурстарына ұқыпты қарауға және энергия тиімділігін арттыруға негізделген мінез-құлықты қалыптастыруға болады. Компанияның әрбір қызметкері, мердігер ұйымның өкілі және келуші энергетикалық саясатты іске асыруға және КПО энергия сыйымдылығын төмендетуге өз үлесін қосуы тиіс.

Компанияның әрбір қызметкері өзінің жұмыс орнында энергетикалық саясатты жүзеге асыруға және өзінің құзыреті мен мүмкіндіктері шегінде отын мен энергияны ұтымды пайдалануға дербес жауапты болады.

Құрылымдық бөлімшелердің басшылары бөлімшенің әрбір қызметкерінің энергетикалық саясат талаптарын дұрыс түсінуі және орындауы үшін жауапты болады.

Компанияның энергетикалық саясатын жүзеге асыруда жетекші рөлді компания басшылығы өзіне алады:

- Энергия менеджменті жүйесінің талаптарының КПО-ның бизнес-процестеріне енуін қамтамасыз ету;
- энергетикалық менеджмент жүйесі шеңберінде тиісті функцияларды / міндеттерді жүзеге асыруға арналған міндеттердің, жауапкершіліктердің және өкілеттіктердің белгіленуін және Компанияның тиісті қызметкерлеріне, оның мердігерлері мен қонақтарына жеткізілуін қамтамасыз ету.
- энергетикалық саясатты компанияның барлық қызметкерлерінің, мердігер ұйымдардың және келушілердің назарына жеткізу;

- энергия үнемдеуге, энергия тиімділігін арттыруға және компанияның негізгі және қосалқы процестерін декарбонизациялауға бағытталған іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және іске асыру кезінде барлық деңгейлерде көшбасшылықты қамтамасыз ету;
- компанияның энергия сыйымдылығын төмендету бойынша қойылған мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін қажетті ресурстарды, сондай-ақ энергетикалық сипаттамаларды және энергетикалық менеджмент жүйесін құру, қолдану (пайдалану), жұмысқа қабілетті күйде ұстау және тұрақты жақсарту үшін қажетті ресурстарды бөлу;
- компаниядағы энергия үнемдеу мәдениетін дамытуға және энергетикалық тиімділікті арттыруға ықпал ету;
- қызметі компанияның энергетикалық нәтижелілігіне әсер ететін қызметкерлерді ынталандыру және оқытуды қамтамасыз ету;
- Компания қызметкерлеріне өздерінің жауапкершіліктеріне сәйкес келетін көлемде және формада өздерінің көшбасшылығын көрсетуде қолдау көрсету;
- компанияда немесе оның атынан жұмыс істейтін барлық қызметкерлердің энергетикалық менеджмент жүйесі мен оның энергетикалық көрсеткіштерін жақсарту бойынша түсініктемелер беруге немесе ұсыныстар енгізуге мүмкіндігі бар процесті орнату және қолдау;
- компанияның энергетикалық тиімділігін арттыруға бағытталған қызметкерлердің кез келген экономикалық тиімді бастамаларын көтермелеу және қолдау.
- аталмыш энергетикалық саясатты талдау және үнемі қайта қарау.

4. КПО-НЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ САЯСАТЫ

КПО - Қазақстан Республикасындағы мұнай газ саласындағы алдыңғы қатарлы компаниялардың бірі болып табылады. Ол отын-энергетикалық қордың әрі жеткізушісі және тұтынушысы бола тұра отын-энергетикалық қорларын тиімді пайдалануды және компанияның энерготиімділік деңгейін арттыру қажеттігін мойындайды.

КПО болашақ ұрпақтың өмірі үшін қолайлы жағдайларды сақтауға және Қазақстан Республикасының энергия сыйымдылығын төмендету мен экономикасын көмірсіздендіру мақсатына қол жеткізуге өз үлесін қосу үшін жауапкершілікті өз мойнына алады және төмендігілерді жүзеге асыруға міндеттенеді:

- қолдану түріне, тұтынылатын қуат мөлшеріне және энерготиімділікке қатысты нормативтік және құқықтық талаптардың орындалуының сәйкестігін қамтамасыз ету;
- өзінің энергетикалық тиімділігі мен нәтижелілігін үздіксіз жақсарту;
- компанияның жалпы энергия теңгерімінде жаңартылатын энергияны қолдану мүмкіндігін қарастыру;
- өндірістің технологиялық процестерін жетілдіру;
- энергетикалық сипаттамаларға әсер ететін энергия тиімді өнімдер мен қызметтерді сатып алуды қолдау;
- жобалау кезінде энергетикалық сипаттамаларды жақсарту мүмкіндіктерін қарастыру;
- компания ішінде энергияны үнемдейтін және төмен көміртекті мәдениетті дамыту және жетілдіру.

Жоғары басшылық өзіне келесі міндеттемелерді алады:

- көшбасшылықты жеке үлгі ретінде көрсету;
- энергия тиімді мәдениетті дамытуға ықпал ету;
- қызметкерлердің біліктілігі мен құзыреттілігін үздіксіз арттыруды қамтамасыз ету;
- қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;

- компанияның энергия тұтынуын талдау және осы энергетикалық саясатты тұрақты түрде қайта қарау.

Біз компания қызметкерлерінен, мердігерлерден және келушілерден келесіні күтеміз:

- энергетикалық ресурстарға жауапкершілікпен қарау және өз құзыреті мен мүмкіндіктері шеңберінде оларды ұтымды пайдалану;
- КПО-ның «Жасыл ережелерін» сақтау;
- Компанияның энергия тиімділігін арттыруға бағытталған бастамалар мен ұсыныстар беру;
- Осы саясаттан туындайтын компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу мақсатында жеке жауапкершілікті арттыру.

Бұл саясат компанияның барлық қызметкерлерінің, мердігер ұйымдардың және келушілердің назарына жеткізілетін болады (1-қосымша).

5. КПО ЖАСЫЛ ЕРЕЖЕЛЕРІ

5.1 «Жасыл» мәдениет нені білдіреді?

«Жасыл» мәдениет дегеніміз – іс-әрекетіміз бен атқаратын жұмысымыз қоршаған ортаға қандай әсер тигізетінін біліп ескеріп жүру және ол әсерді азайтуға сондай-ақ, Компанияның тұрақты дамуына бағытталған өзгерістерді енгізу.

Әдетте бұл, шикізаттарды, суды және қуатты үнемді пайдалану мен күнделікті өмірде пайда болатын қалдықтарды барынша азайту.

5.2 Неліктен «жасыл» көзқарас соншалықты маңызды?

Біздің көпшілігіміз қоршаған ортаны қорғауға өз үлесімізді қосқымыз келеді және бұл үшін көптеген себептер бар, мысалы:

- Қоршаған ортаның тазалығы денсаулығымызды жақсартуға көмектеседі;
- Қоршаған ортаны таза ұстасақ – болашақта да табиғатымыздаң рахат ала аламыз;
- Ал ресурстарды үнемді пайдалану арқылы біз оларды болашағымыз үшін сақтап қала аламыз.

5.3 КПО-ның «Жасыл ережелері»

1. **Жұмыс орныңызда және үйіңізде пластиктен жасалған бір реттік заттарды пайдалануыңызды мүмкіндігіңізше азайтыңыз;**
2. **Суды үнемдеңіз. Тұщы су - біздің ең құнды табиғи байлықтарымыздың бірі;**
3. **Қолдағы ресурстарды тиімді пайдаланыңыз;**
4. **Тамақ қалдықтарының мөлшерін барынша азайтыңыз;**
5. **Электр қуатын үнемдеңіз және энергия қорларын тиімді пайдаланыңыз;**
6. **Бір реттік полиэтилен пакеттерін пайдалануды азайтып, экодорбаларды қолдану әрекетіне қозғау салыңыз;**
7. **Қоқыстар мен қалдықтарды бөліп жинау;**

«Жасыл» мәдениет қалыптасып кету үшін ұжымдық күш-жігер қажет. Сіз, қандай лауазым немесе қызмет атқарасаңыз да, басқаларды да өзіңіз бірге өзгерістер енгізуге ынталандыра аласыз. Мысалы, сіз:

- қоршаған ортаға тигізетін әсеріңізді бағалап, жақсарта алатын тұстарын анықтаңыз. Бұл, қалдықтардың мөлшерін азайту, заттарды жиі қайта қолдану және тұтынатын электр мен судың мөлшерін азайту шаралары болуы мүмкін.

- өз ұғымыңыз бен тәжірибеңізді басқалармен бөлісіңіз. Егер сіз қоршаған ортаны жасылдандыруға байсалды көзқараспен қарасаңыз, сіз ол туралы басқаларға жариялауыңыз қажет. Дағдыларыңыз бен білетің әдістеріңізді талқылауды және басқалармен бөлісуді бастаңыз! Кейде адамның іс-әрекет қолдануы үшін жай ғана хабардарлықты арттыру жеткілікті;
- соңғы зерттемелер туралы біліп жүріңіз. Қазіргі уақытта немесе келешекте, сіздің жұмыс орныңызда, экологиялық тұрғыдан қандай тиімді тәсіл қолдануға болатындығын қарастырыңыз.

6 ҚОСЫМШАЛАР

6.1 Қосымша 1 КПО Энергетикалық саясаты



КПО ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ САЯСАТЫ

КПО - Қазақстан Республикасындағы мұнай газ саласындағы алдыңғы қатарлы компаниялардың бірі болып табылады. Ол отын-энергетикалық қордың әрі жеткізушісі және тұтынушысы бола тұра отын-энергетикалық қорларын тиімді пайдалануды және компанияның энерготиімділік деңгейін арттыру қажеттігін мойындайды.



КПО болашақ ұрпақтың өмірі үшін қолайлы жағдайларды сақтауға және Қазақстан Республикасының энергия сыйымдылығын төмендету мен экономикасын көмірсіздендіру мақсатына қол жеткізуге өз үлесін қосу үшін жауапкершілікті өз мойнына алады және төмендігілерді жүзеге асыруға міндеттенеді:

- қолдану түріне, тұтынылатын қуат мөлшеріне және энерготиімділікке қатысты нормативтік және құқықтық талаптардың орындалуының сәйкестігін қамтамасыз ету;
- өзінің энергетикалық тиімділігі мен нәтижелілігін үздіксіз жақсарту;
- Компанияның жалпы энергия теңгерімінде жаңартылатын энергияны қолдану мүмкіндігін қарастыру;
- өндірістің технологиялық процестерін жетілдіру;
- энергетикалық сипаттамаларға әсер ететін энергия тиімді өнімдер мен қызметтерді сатып алуды қолдау;
- жобалау кезінде энергетикалық сипаттамаларды жақсарту мүмкіндіктерін қарастыру;
- компания ішінде энергияны үнемдейтін және төмен көміртекті мәдениетті дамыту және жетілдіру.

Жоғары басшылық өзіне келесі міндеттемелерді алады:

- көшбасшылықты жеке үлгі ретінде көрсету;
- энергия тиімді мәдениетті дамытуға ықпал ету;
- қызметкерлердің біліктілігі мен құзыреттілігін үздіксіз арттыруды қамтамасыз ету;
- қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;
- компанияның энергия тұтынуын талдау және осы энергетикалық саясатты тұрақты түрде қайта қарау.

Біз компания қызметкерлерінен, мердігерлерден және келушілерден келесіні күтеміз:




- энергетикалық ресурстарға жауапкершілікпен қарау және өз құзыреті мен мүмкіндіктері шеңберінде оларды ұтымды пайдалану;
- КПО-ның «Жасыл ережелерін» сақтау;
- компанияның энергия тиімділігін арттыруға бағытталған бастамалар мен ұсыныстар беру;
- осы саясаттан туындайтын компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу мақсатында жеке жауапкершілікті арттыру.

Бұл саясат компанияның барлық қызметкерлерінің, мердігер ұйымдардың және келушілердің назарына жеткізілетін болады.

Бас директор

Джанкарло Рую
Қыркүйек, 2021

6.2 Қосымша 2 КПО Жасыл Ережелері



2020
ҚҰДЫҚ ҚҰРҒАҒАНША
СУҒА ІЗДЕУ ЖОҚ



2040
ВОДУ МЫ ЦЕНИМ,
КОГДА ВЫСЫХАЕТ КОЛОДЕЦ



2060
WE NEVER MISS WATER
UNTIL THE WELL RUNS DRY



K Karachaganak

Do you know how important it is to save water? Tap it more by using QR code.

K Karachaganak

**БАС ТАРТ, ҚЫСҚАРТ,
ҚАЙТАДАН ҚОЛДАН,
ӨНДЕЛУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТ**



Бүгінгі таптың қызығушылығы жиі пайдаланылатын материалдар болып табылады. Сіздермені QR код арқылы біле саламыз.

**ОТКАЖИСЬ, СОКРАТИ,
ИСПОЛЬЗУЙ ПОВТОРНО,
СДАЙ НА ПЕРЕРАБОТКУ**



Знаете ли Вы, сколько пластиковых предметов вы используете каждый день? Уменьшите количество в QR-коде.

**REFUSE, REDUCE,
REUSE, RECYCLE.**



Do you know how many disposable articles we use? Learn more by using QR code.



6.3 Қосымша 3 PEST-талдауы

Төменде берілген кестеде КПО Компанияның энергетикалық сипаттамаларын жетілдіру қабілетіне әсер ететін факторларды анықтау және бағалау мақсатында жүргізілген PEST-талдауының нәтижелері көрсетілген. Барлық факторлар ықпал ету деңгейі бойынша бағаланды: Жоғары (Ж), Орташа (О), Төмен (Т).

| Саяси факторлар | Ықпал ету деңгейі | Экономикалық факторлар | Ықпал ету деңгейі |
|---|-------------------|---|-------------------|
| Қазақстан көміртекті бейтараптылыққа 2060 жылы қол жеткізуді жоспарлап отыр. | Ж | Қазақстанда энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу бойынша шаралар ерікті түрде іске асырылады. Өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін өндірістің энергия тиімділігін арттыруға экономикалық ынталандыру қарастырылмаған. | Т |
| Қазіргі уақытта Қазақстанда 2050 жылға дейінгі төмен көміртекті Қазақстанның даму тұжырымдамасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл жұмыстар 2021 жылдың тамызында аяқталады деп күтілуде. | Ж | Жаңа экологиялық кодексте ең озық қолжетімді технологиялар қағидаларын енгізу үшін қаржылық қолдау тетіктері қарастырылған; | Ж |
| Париж келісімі шеңберінде Қазақстан 2030 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұлттық парниктік газдардың (ПГ) шығарындыларының деңгейін 1990 жылғы базалық деңгеймен салыстырғанда 15% төмендету туралы өзінің сөзсіз мақсаты туралы мәлімдеді. Қазіргі уақытта 2021-2025 жылдарға ұлттық деңгейде айқындалатын үлесіне қол жеткізу бойынша жол картасы әзірленуде. | Ж | Қазақстанның көміртекті бетараптылық бойынша алған міндеттемелері мен оған байланысты заңнамалық өзгерістерге байланысты көмірқышқыл газы шығарындыларын реттеудің күшейтілуі, парниктік газдардың бос квоталарын айтарлықтай төмендетілуі және, көміртегі бағасының өсуі күтілуде. | Ж |
| 2020 жылдың 21 шілдесінде Еуропалық Одақ 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап түзетуші шекаралық көміртекті механизм (СВАМ) енгізу туралы шешім | Ж | Энергия тиімділігін арттыруға бағытталған жобаларды КПО инвестициялық жобалар ретінде қарастырады (5 жыл ішінде өтелетін), бұл энергияны үнемдеу | Ж |

| | | | |
|--|---|--|---|
| <p>қабылдады, оның аясында Одақтың 27 елінде тауар экспортерлері тауарларын өндіру нәтижесіндегі көміртек шығарындылары үшін баж төлеуге міндетті болады. Бұл ретте ЕО енгізілуі жоспарланған түзетуші механизмдерге сәйкес келетін елдердің жеткізушілері төлемдерден босатылуы мүмкін.</p> | | <p>мен энергия тиімділігінің техникалық ықтимал әлеуетін іске асыруды шектейді;</p> <p>Осындай жобалардың пайдалылығы – оны іске асырудың факторы жалғыз болмағандықтан, оларды стратегиялық деп қарастырған жөн.</p> | |
| <p>Қазақстан ең озық қолжетімді технологиялар қағидаларын енгізуді көздейтін энергия үнемдеуге және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа Экологиялық кодексті қабылдады.</p> | Ж | <p>«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңға сәйкес КПО Қаржы-есеп айырысу орталығымен (Орталық) жасасқан келісімшартына сәйкес шартты тұтынушы (Сатып алушы) болып, Орталықтан (Сатушы) электр энергиясын Заңға Батыс аймағында электр энергиясын өндірудің өзіндік үлесіне сәйкес сатып алады.</p> | О |
| <p>КПО операторлық компаниялары (Shell, Eni) көміртекті бейтараптылық бойынша мақсаттар қойып, КПО энергия тиімділігін арттыру мен парниктік газдар шығарындыларын төмендетуге бағытталған күш-жігерін толығымен қолдайды;</p> | Ж | <p>ЖЭК технологияларының арзандауы салдарынан Қазақстанда жаңартылатын энергияға тарифтер айтарлықтай төмендеді және ЖЭК өндіретін электр энергиясының көлемі айтарлықтай өсті (2020 жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясын өндірудің жалпы көлемінде 3%). 2030 жылға көзделген мақсат - 15%.</p> | О |
| <p>Инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған шығындарды ББК (басқару жөніндегі бірлескен комитет) бекітеді, оның төрағасы "PSA" ЖШС Бас директоры болып табылады және "PSA" ЖШС ұстанымы шешім қабылдау кезінде негіз қалаушы болып табылады;</p> | Ж | | |

| | | | |
|--|--------------------------|---|--------------------------|
| «PSA» ЖШС Энергия үнемдеу, энергетикалық тиімділікті арттыру және парниктік газдар, жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) төмендету мәселелерінде басқа инвестициялық жобаларға қарағанда басымдық бермей, ұтымды позицияны ұстанады. | Ж | | |
| Қазақстанда «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» заң қабылданды. | О | | |
| Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім (ӨБТК) шеңберінде КПО компаниясы БҚО халқын қажеттіліктері үшін қуаты кемінде 20 МВт электр энергиясын жеткізуге міндеттенеді. Іс жүзінде қазіргі таңда қысқы мезгілде шамамен 42 МВт және жазғы уақытта 27-42 МВт электр қуаты жеткізіледі. | О | | |
| Саяси факторлар | Ықпал ету деңгейі | Экономикалық факторлар | Ықпал ету деңгейі |
| Жаңа экологиялық кодексте ҚОӘБ-ның барлық сатыларына қолжетімділік беру және процеске ықпал ету мүмкіндігі арқылы жұртшылықтың рөлі күшейтілді; | О | КПО нысандары салыстырмалы түрде жақында пайдалануға берілген болатын, осыған орай кәсіпорында энергия тиімділігінің айтарлықтай жоғары деңгейі байқалады. КПО парниктік газдарының үлестік көрсеткіштері IOGP есебінен алынған Еуропалық және халықаралық көрсеткіштер деңгейінен төмен. | Ж |
| КПО персоналы жоғары өндірістік құзыреттіліктермен ерекшеленеді, алайда компанияда энергияны үнемдеу мәдениеті толық дамымаған. | О | Энергия аудиті мен салыстырмалы талдау нәтижелері газ турбиналарында шығатын жылуды кәдеге жарату КПО-дағы энергия үнемдеудің ең маңызды әлеуеті екенін көрсетті. | Ж |

| | | | |
|---|---|--|---|
| Әлемде, соның ішінде КПО кәсіпорындары жұмыс істейтін өңір тұрғындары арасында жеке экологиялық көзқарасқа, экологиялық ойлауға және саналы тұтынуға беталыс байқалады; | Т | КПО сұйық көмірсутектерді өндіру деңгейін ұстап тұру үшін шаралар қабылдайды, сондай-ақ өндіруді ұлғайту бойынша бірқатар іс-шараларды жоспарлайды, бұл негізінен қышқыл газды айдау көлемінің ұлғаюымен байланысты (5-ші және 6-шы компрессорлар құрылысы). | Ж |
| | | Компанияның басымдықтары - жабдықтың сенімділігі және оны пайдалану кезіндегі қауіпсіздік. | О |
| | | КПО - Батыс Қазақстан облысында (БҚО) орналасқан, ол Батыс энергетикалық аймаққа жатады және Солтүстік және Оңтүстік энергия аймақтарымен қосылмаған, бұл КПО электр энергиясын беру мүмкіндіктерін шектейді. | О |
| | | КПО өз қажеттіліктері үшін жылу мен электр энергиясын дербес өндіреді және іс жүзінде сыртқы тараптардың энергия ресурстарын тұтынбайды. | О |

Қорытынды:

- Қазақстандағы көмірқышқыл газын реттеуді күшейту саясаты елдегі парниктік газдарды шығаратын үздіктердің бірі ретінде КПО үшін елеулі сын-қатерлер туғызуы ықтимал. Көмірқышқыл газын реттеу нұсқаларына қатысты қазіргі белгісіздікке қарамастан, КПО қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңде парниктік газдарды төмендетудің мүмкін нұсқаларын зерттеуді жалғастыруы керек;
- Тарихта алғаш рет орын алып жатқан энергетикалық көшу экономикалық себептерден туындап отырған жоқ және трансформацияны қолдау үшін реттеуші органдардың қатысуын талап етеді. КПО акционерлермен, мемлекетпен, "PSA" ЖШС уәкілетті органымен және басқа да мүдделі тараптармен кен орнының болашақ даму стратегиясын бірлесіп айқындау және қазіргі жағдайда өзін ақтамайтын, бірақ ұзақ мерзімді құндылығы бар технологияларға инвестициялар салу үшін қолайлы жағдайлар жасау үшін бастама көтеріп, белсенді диалог жүргізуі қажет.